

2023/2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 11-СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН

Өзбекстан тарихы

ПӘНИНЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯНЫ
ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР МЕН МАТЕРИАЛДАР



**2023-2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН
ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ЕМТИХАНЫН ӨТКІЗУ БОЙЫНША
ӨЗБЕКСТАН ТАРИХЫ
ПӘНІНЕН СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.**

Құрастырушы: «Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектеп білімі министрлігі құзырындағы мамандандырылған білім беру мекемелері агенттігінің жүйесіндегі Ал-Хорезми атындағы мамандандырылған мектеп» Тарих пәні оқытушысы **Абдужалилова Нигора Абдусаттаровна**.

Эксперт: Жоғары дәрежедегі тарих және мемлекеттік құқық негіздері пәні оқытушысы Дехқонов Ғайрат Рузматович.

11-сыныпты бітірген оқушылар Өзбекстан тарихы пәнінен білім беру бағдарламасы бойынша белгілі дәрежедегі күзиреттіліктерге ие болады.

Оқушылардың алған білім, дағды және іскерліктерін анықтау үшін 2023–2024-оқу жылында 11-сыныптарда қорытынды емтихан жазба және ауызекі формада өткізіледі.

Әрбір емтихан билетінің сұрақтары мен тапсырмалары Өзбекстан тарихы пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптары тақырыптарын қамтып алған. Сонымен қатар нұсқаулықта білуге тиісті сұрақтар, қолдануға және пайымдауға тиісті тапсырмалар бойынша бағалау критериялары көрсетілген.

Әр оқушы бір билетті таңдайды. Оқушыға билетте 5 сұрақ қойылады. Сұрақтардың 2-уі білуге, 2-уі қолдануға, 1-уі пайымдауға қатысты болады. Пайымдауға байланысты сұраққа ауызша жауап беріледі. Оқушыға билет сұрақтарына жауап беруге 120 минут беріледі.

100 балдық жүйе бойынша оқушылардың жазбаша және ауызша жұмыстары:

0 - 29% - «қанағаттанарсыз»;

30-65% - «қанағаттанарлық»;

66–85% – «жақсы»;

86–100% – «өте жақсы»

деген бағалармен бағаланады. Әрбір тапсырма бойынша көрсетілген балдан жоғары балл қойылуға жол берілмейді.

Берілген тапсырмалардан қорытынды мемлекеттік аттестация өткізу күнінен бір күн алдын Жұмыс тобы тарапынан жеребе арқылы 2 вариант құрастырылады және жарияланады.

Өзбекстан тарихы	Саны	Білу	Қолдану	Пайымдау
XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 90 жылдарына дейін		1	1	
Тәуелсіздік дәуірі		1	1	1
Жалпы	5	2	2	1

ТАПСЫРМА БОЙЫНША БАҒАЛАУ КРИТЕРИЯЛАРЫ

№	Бөлім атауы		Тапсырма түрі	Тапсырма формасы	Бағалау критериясы
XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 90 жылдарына дейін					
1.	Ресей империясының шапқыншылығы қарсаңындағы Бұхара әмірлігі, Қоқан және Хиуа хандықтарының әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайы. Ресей империясының Орта Азияға жорығы, Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы және Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығының Ресей империясының вассалына айналуы. Түркістандағы Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар. Түркістанда жәдидшілік қозғалыстың пайда болуы және жәдидшілік қозғалыс жетекшілерінің қызметі.	Б	Қысқа жауапты	Ж: _____	Сұрақтың жауабы жазылады, дұрыс жауап үшін 18 балмен бағаланады. Дұрыс емес жауапқа 0 балл қойылады.
2.	Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығының жойылуы. Түркістан автономиясы. Түркістан АКСР, БХСР және ХХСР-дағы Кеңес өкіметіне қарсы қарулы әрекеттер. Орталық Азиядағы аумақтық	Қ		Картада берілген аймақ	Картада белгіленген аймақты анықтау тапсырмасын орындаса – 21 балл . Аймақ

	межелену және Өзбекстан КСР-нің құрылуы. Өзбекстандағы Кеңес өкіметінің репрессиялық саясаты. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Өзбекстан. Өзбекстан 1980-1990 жж. Өзбекстандағы қоғамдық-саяси белсенділіктің артуы және тәуелсіздікке ұмтылуы.		Карта		анықталып, бірақ тапсырма орындалмаса – 10 балл . Дұрыс емес жауапқа 0 балл қойылады.						
Тәуелсіздік дәуірі											
3.	Өзбекстанда тәуелсіздіктің жариялануы және қоғамдық-саяси реформалардың басталуы. Өзбекстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы. Өзбекстандағы экономикалық реформалар және әлеуметтік саясат.	Б	Қысқа жауапты	Ж: _____	Сұрақтың жауабы жазылады, дұрыс жауап 18 балмен бағаланады. Дұрыс емес жауапқа 0 балл қойылады.						
4.	Өзбекстандағы этникалық және конфессияаралық қатынастар. Білім беру жүйесін реформалау және кадрларды даярлау. Тәуелсіздік жылдарындағы ғылым мен спорттың дамуы. Тәуелсіздік жылдарындағы Өзбекстандағы рухани-мәдени даму және екіжақты қарым-қатынастар.	Қ	Кестелі тест	Сәйкестікті анықтау <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <tr> <td>1)</td> <td>2)</td> <td>3)</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	1)	2)	3)				Кесте түріндегі тапсырмада әр сұраққа оның жауабы сәйкес келуі керек. 3-4 сұрақ және 3-4-тен астам жауап нұсқасы беріледі. 1 сұрақтың бірнеше жауабы болуы мүмкін. Сәйкестіктің барлығына дұрыс жауаптар үшін 21 балл беріледі. 3-еулік сұрақтарда 1 дұрыс жауапқа 7 балл , 4-еулік
1)	2)	3)									

					сұрақтарда 1 дұрыс жауап үшін 5,25 балл және барлық қате жауаптар үшін 0 балл беріледі.
5.	Өзбекстанның сыртқы саясаты және екіжақты қатынастары. Өзбекстан Республикасының көпжақты ынтымақтастық қатынастарын дамыту.	II	Тарихи оқиға туралы өз бетінше пікір білдіру	Ауызша	<ul style="list-style-type: none"> - Жылы мен санасын білсе - 3 балл; - Сұрақтың мәнін, оған байланысты мәселелерді түсініп, үдерісті бүгінгі күнмен байланыстыра алса – 5 балл; - картамен жұмыс істей алса – 4 балл; - тақырыпқа сыни және аналитикалық баға бере алса – 5 балл; - емтихан алушы тарапынан берілген тақырыпқа байланысты қосымша сұрақтарға жауап бере алса – 5 балл <p>22 балл</p>

ТАПСЫРМАЛАР БОЙЫНША БАҒАЛАУ КРИТЕРИЯЛАРЫ.

Тапсырмалар төмендегі бағалау критерийлері бойынша бағаланады:

1) Білуге тиісті қысқаша сұрақтар беріледі, дұрыс жауап жазылса **18 балмен** бағаланады. Дұрыс емес жауапқа 0 балл қойылады.

2) Қолдану екі жолмен беріледі: бірінші жолы картаға негізделген, екіншісіне кестелік тест – сәйкестендіру. Картада көрсетілген территорияға тиісті тапсырма дәл орындалса - **21 балл**. Егер аумақ анықталса, бірақ тапсырма орындалмаса – **10 балл**. Дұрыс емес жауапқа **0 балл** қойылады. Кесте түріндегі тапсырмада әр сұраққа жауап сәйкес келуі керек. 3-4 сұрақ және 3-4-тен астам жауап нұсқасы беріледі. 1 сұрақтың бірнеше жауабы болуы мүмкін. Сәйкестіктің барлығына дұрыс жауаптар үшін **21 балл** беріледі.

3-еулік сұрақтарда 1 дұрыс жауапқа **7 балл**, 4-еулік сұрақтарда 1 дұрыс жауап үшін **5,25 балл** және барлық қате жауаптар үшін **0 балл** беріледі.

3) Пайымдауда оқушыдан берілген сұрақ бойынша өз бетінше пікір айту ұсынылады – **22 балл**:

- Жылы мен мерзімін білсе – **3 балл**;

- Сұрақтың мәнін, оған байланысты мәселелерді түсініп, процесті бүгінгі күнмен байланыстыра алса – **5 балл**;

- Картамен жұмыс істей алса – **4 балл**;

- Тақырыпқа сыни және аналитикалық баға бере алса – **5 балл**;

- Егер емтихан алушы тарапынан берілген тақырыпқа байланысты қосымша сұрақтарға жауап бере алса – **5 балл**.

**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ
11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ӨЗБЕКСТАН ТАРИХЫ
ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ**

1- сұрақ БІЛУ (18 балл) 10-сынып Өзбекстан тарихы.

1. XIX ғасырдың ортасына қарай Бұхара әмірлігі, Хиуа және Қоқан хандықтары халқының этникалық құрамы бір-біріне жақын болып, негізінен өзбектерден құралып, онда тағы қандай халықтар өмір сүрді?

Жауап: _____

2. XIX ғасырдың ортасында Бұхара әмірлігінде, Хиуа және Қоқан хандықтарында атқарушы билік кімнің қолында болған?

Жауап: _____

3. Ресей империясы үкіметінің Орталық Азияны жаулап алуды одан әрі жеделдетуіне қандай фактор әсер етті?

Жауап: _____

4. XIX ғасырдың екінші жартысында Ташкент қаласының неше қақпасы болған және неше әкімшілікке бөлінген?

Жауап: _____

5. Ресей империясының 1968 жылы Бұхара әмірлігіне қарсы соғыс бастауына не себеп болған?

Жауап: _____

6. Орта Азияны Ресей империясының жаулап алуы неше кезеңде болды және Қоқан хандығы қашан жойылды?

Жауап: _____

7. «Оба бүлігі», «Дукчи Эшан көтерілісі» қашан және қай жерде болған?

Жауап: _____

8. 1916 жылғы Жызақ көтерілісіне не себеп болған?

Жауап: _____

9. Жәдидтік қозғалыс қашан пайда болған және жәдидшілік қозғалысы өкілдерінен кімдерді білесің?

Жауап: _____

10. 1907 жылы Абдолла Авлони негізін қалаған газет қалай аталған және ол мектептер үшін қандай оқулықтар жасады?

Жауап: _____

**2-сұрақ ҚОЛДАНУ (21 балл) Картамен жұмыс
(10-сынып Өзбекстан тарихы).**

1. 1917 жылы 27 қарашада негізі қаланған мемлекет пен оның орталығы болған қаланы анықтап, картадан аумағын сызып көрсетіңіз. (Қолдану – 21 балл)

2. Жұлдызшамен белгіленген аумақты анықтап, бұл аумақта 1918-1924-жылдар аралығында Кеңес өкіметіне қарсы күрес көрсетіп, мәлімет беріңіз. (Қолдану – 21 балл)



Жауап:

3. Карта негізінде 1924 жылы Орта Азияда құрылған мемлекеттерді анықтап, ұлттық аумақтық шекаралары туралы мәлімет беріңіз. (Қолдану – 21 балл)



Жауап:

4. Жұлдызшамен белгіленген аумақты анықтап, 1918-1924 жылдар аралығында осы ауданда Кеңес өкіметіне қарсы жүргізілген тәуелсіздік қозғалыстары туралы мәлімет беру. (Қолдану – 21 балл).



Жауап:

5. 1924-1936 жылдары Орта Азия аумағында Түркістан АССР, Бұхара және Хорезм республикаларының орнына құрылған мемлекет аумақтарын ажыратып, олар туралы мәліметтер беріңіз. (Қолдану – 21 балл).



Жауап:

6. Өзбек КСР-і құрылған кезде 1925 жылдың ақпан-сәуір айларында (а) қаласы, 1925 жылы сәуірден 1930 жылғы қыркүйекке дейін (b) қаласы және (c) осы уақытқа дейін Өзбек КСР астанасы болып саналған. Картадан әріптердің орнындағы қалалар қандай санмен белгіленгенін табыңыз. (Қолдану – 21 балл).



Жауап:

7. Жер-су реформасының екінші кезеңі жүзеге асырылған аймақтарды картадағы сандар негізінде анықтаңыз және Жер-су реформасы туралы ақпарат беріңіз. (Қолдану – 21 балл).




Жауап:

8. 1956 жылы (а) ауданында Газли мұнай-газ кен орны ашылды, ал 1958 жылы 3-қыркүйекте тау-кен металлургия комбинатының іргетасы қалануымен (б) қаласының негізі қаланды. Картадан әріптердің орнындағы қалалар қандай санмен белгіленгенін табыңыз. (Қолдану – 21 балл).




Жауап:

9. 1925 жылы 13-17 ақпанда Бұхарада болып өткен Барлық өзбек кеңестерінің 1-құрылтайында «Өзбекстан Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы туралы Декларация» қабылданған. Ол бойынша қандай облыстар Өзбек КСР құрамында болды? Карта бойынша аймақтарды анықтаңыз. (Қолдану – 21 балл).



Жауап:

10. 1943- жылдан бастап Өзбекстан үшін жаңа дақыл – қант қызылшасын егуге қай облыстардан құнарлы жерлер бөлінді? Картадағы сандарға сүйене отырып, аймақтарды анықтаңыз. (Қолдану – 21 балл).



Жауап:

3-сұрақ БІЛУ (18 балл) (11-сынып Өзбекстан тарихы)

1. 17 баптан құралған қай заң суверен Өзбекстан Республикасының негізгі белгілерін анықтап берді? (Білу – 18 балл)

Жауап:

2. Өзбекстан Республикасының Конституциясын жарату үстінде қанша уақыт жұмыс жасалған және жобаның алғашқы нұсқасы қанша бөлім мен баптан құралған болатын? (Білу – 18 балл)

Жауап:

3. 1991 жыл 29 желтоқсанда Өзбекстан Республикасы Президенттігіне баламалық негізде болып өткен сайлауда кімдер жоғары лауазымға өз үміткерлігін қойған? (Білу – 18 балл)

Жауап:

4. Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі 2005 жылдан бастап қандай палаталар негізінде жұмыс алып баруда? (Білу – 18 балл)

Жауап:

5. Өзбекстан Республикасы Конституциясының үшінші принципі мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөлінуін белгілейді. Бұлар қайсылар? (Білу – 18 балл)

Жауап:

6. Қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешу қай партияның басты мақсаты? (Білу – 18 балл)

Жауап:

7. Қашан және не мақсатта Ангрэн–Поп темір жолы және Қамшық туннелі ашылды? (Білу – 18 балл)

Жауап:

8. 1992 жылы тамызда Өзбекстан қай мемлекетпен Әндіжан облысының Асака қаласында автомобиль жасап шығаратын біріккен кәсіпорнын құру туралы келісімшарт жасады? (Білу – 18 балл)

Жауап:

9. Мемлекетте су жетіспеушілігі есепке алынып, 1998 жылдан бастап мақташылыққа қандай технологиялар енгізілді? (Білу – 18 балл)

Жауап:

10. Қай аймақта халықаралық интермодальды логистикалық орталық құрылды? (Білу – 18 балл)

Жауап:

4-сұрақ ҚОЛДАНУ (21 балл) Кестеде тест, сәйкестендіру (11-сынып Өзбекстан тарихы)

1. Төменде берілген елдерді тойланатын мерекелерімен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Қытай

a) «Соллер»

b) «Сабантой»

2) Кәріс

c) «Сайл»

d) «Чунузе»

3) Ұйғыр

e) «Овол – тано»

f) «Масленница»

1)	2)	3)

2. Төмендегі терминдерді олардың түсіндірмесімен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Байналминал

a) Тірек жоғары оқу курсынан соң қосымша бағдарлама орындаған, арнаулы емтихандарды тапсырған және белгілі ғылыми жұмысты корғаған тұлғаларға беріледі.

2) Конфессия

b) Жоғары оқу бағдарламасының бірінші басқышын аяқтаған студенттердің ғылыми дәрежесі.

3) Толеранттық

c) Қоғам, ұлт, ұжым немесе жеке тұлғаның тарихи қалыптасқан ойлау дәрежесі.

d) Діни сенім, наным; сонымен бірге мазхаб мағынасына ие түсінік.

4) Бакалавр

е) Өзгелердің пікір-идеялары, нанымы, сезім ойлары, тұрмыс салты және мінез-құлқына қатысты сабырлы-төзімді болу, немқұрайды көзқарас; кеңпейілдік.

ф) Халықаралық, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық мағыналарда қолданылады.

1)	2)	3)	4)

3. Жылдарды атауларымен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) 2001 жыл

а) «Кемел ұрпақ жылы»

б) «Адамға көңіл бөлу және сапалы білім жылы»

2) 2010 жыл

с) «Аналар мен балалар жылы»

д) «Дені сау ана мен бала жылы»

3) 2015 жыл

е) «Жастар және бизнесті қолдау жылы»

4) 2023 жыл

ф) «Қарияларды қадірлеу жылы»

г) «Жастар жылы»

1)	2)	3)	4)

4. Кадрлар даярлау ўлттық бағдарламасы 3 басқышты реформалар негізінде іске асты. Басқыштар мен жүзеге асырылған іс-шараларды сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

I басқыш	a) Мектеп оқулықтары түбегейлі жаңартылды.
II басқыш	b) Кадрлар даярлау ўлттық бағдарламасы нәтижесінде қол жеткен нәтижелер, жиналған тәжірибелер жалпыландырып, сол негізде елімізде оқу жүйесі жетілдіріліп келді.
III басқыш	c) Елімізде 12 жылдық мәжбүри білім беру енгізілді.
	d) Бағдарламаны іске асыруға қажет құқықтық-мөлшерлік, ғылыми-методикалық, қаржылық-материалдық жағдайлар жасалды.
	e) 1-қазан – «Мұғалімдер мен тәрбиешілер күні» деп белгіленді.
	f) Ұлттық бағдарлама кең шеңберде енгізілді.

1)	2)	3)

5. Өзбекстан Республикасы Президенттері және олардың білім саласында жүзеге асырған реформаларын сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

a) Мектепке алғаш қадам басқан 1-сынып оқушыларына Президент сыйлығы табыс етіледі.

1) Ислам
Каримов

b) Мультимедия оқу әдебиеттері де жасалуы қолға алынды.

c) 11 жылдық білім беруге өтілді.

2) Шавкат
Мирзиёев

d) Мектепке дейін білім беру министрлігі ұйымдастырылды.

e) Елімізде толық 12 жылдық мәжбүри білім беру енгізілді.

f) Мектепте білім беруді дамыту мемлекет жалпыұлттық бағдарламасы қабылданды.

1)	2)

6. Шет ел университеттерін сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

1) Ұлы Британия

a) И.М.Губкин атындағы мұнай және газ Мемлекеттік университеті

2) Ресей

b) ИНХА университеті

3) Оңтүстік
Корея

c) Менежментті дамыту институты

4) Италия

d) Халықаралық Вестминстер университеті

e) Турин политехника университеті

f) М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік

1)	2)	3)	4)

7. Төмендегі Университеттерді негізгі бағыттарымен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

a) Экономика

Вестминстер
университеті

b) Математика және психология

Турин
политехника
университеті

c) Ақпарат технологиялары

d) Нефть және газ

ИНХА
университеті

e) Экономика және бизнес

f) Техника және технологиялар

1)	2)	3)

8. Төмендегі спорт турнирлері кімдер арасында өткізілетінін сәйкестендіріңіз.
(Қолдану – 21 балл)

«Баркамол авлод»

a) Жалпы білім беретін мектептер оқушылары арасында.

b) Әскерлер арасында.

«Универсиада»

c) Орта арнаулы кәсіптік-техникалық колледждері студенттері арасында.

d) Жоғары оқу орындары әйелдері арасында.

«Умид нихоллари»

e) Жоғары оқу орындары студенттері арасында.

f) Махалла жастары арасында.

1)	2)	3)

9. Төмендегі спортшыларды олар жайлы мәліметтермен сәйкестендіріңіз. (Қолдану – 21 балл)

Хасанбай
Дустматов

a) 2016 жылы Рио-де-Жанейрода (Бразилия) өткен XXXI Олимпиадасында алтын медаль жеңіп алды.

Шахрам Ғиясов

b) Спорттың бокс түрімен айналысады.

Мураджан
Ахмадалиев

c) Спорттың ауыр атлетика түрімен айналысады.

Руслан
Нуриддинов

d) Азияның ең үздік төрешісі деп танылды.

e) 2016 жылы Рио-де-Жанейрода (Бразилия) өткен XXXI Олимпиадада күміс жүлдегер атанды.

f) 2016 жылы Рио-де-Жанейрода (Бразилия) өткен XXXI Олимпиада ойындарында қола жүлдегер атанды.

1)	2)	3)	4)

10. Төмендегі жастар ұйымдарын олар туралы мәліметтермен сәйкестендіріңіз.
(Қолдану – 21 балл)

1) «Камолот»
Жастар
әлеуметтік

a) Өзіне жүктелген міндеттерді орындай алмай, нағыз жастар көшбасшысы бола алмаған ұйым.

b) 2017 жыл 30 маусымда құрылды.

2) «Өзбекстан
Жастар Одағы»

c) 2001 жылы Ташкентте болған жастар құрылтайында өзіні өзі басқаратын беймемлекет, бейсауда ұйым.

d) Жастардың проблемалары мен бастамаларын тікелей Өзбекстан президентіне жеткізеді.

3) «Камолот»
қоры

e) Жастардың мүдде және талаптарын зерттеу, оларды қанағаттандыру бойынша бағдарламалар түзу және мемлекет көмегінде өмірге қолданудан құралған еді.

f) Негізгі мақсаты жастарды бірлестіру, қоғамда лайықты орын табуға көмектесуден тұрады.

1)	2)	3)

5 сұрақ. ПАЙЫМДАУ (22 балл) (11-сынып Өзбекстан тарихы)

1. Қалай ойлайсыз? Өзбекстанның қандай қолайлы және қолайсыз геосаяси мүмкіндіктері бар? (Пайымдау -22 балл)
2. Өзбекстанның сыртқы саясатының принциптерін атап өтіңіз және қай принципті өзгертер едіңіз? (Пайымдау -22 балл)
3. Не себепті Өзбекстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Орта Азия елдерімен достық пен ынтымақтастықты нығайтуға көңіл бөлді? (Пайымдау -22 балл)
4. Қазіргі күнде Өзбекстан Республикасы мен Еуропа елдері арасындағы қарым-қатынастардың қолайлы және қолайсыз жақтарын түсіндіріңіз. (Пайымдау -22 балл)
5. Азияның жаңа индустриалдық дамып жатқан мемлекеттеріне қандай елдер кіреді? Олармен қарым-қатынас қаншалықты маңызды деп ойлайсыз? (Пайымдау -22 балл)
6. Қалай ойлайсыз, Өзбекстанның БҰҰ-ға мүше болуы қаншалықты маңызды? (Пайымдау -22 балл)
7. Қазіргі уақытта Арал қайғысы және оны жою үшін қандай шаралар жүргізілуде? Арал мәселесін шешу үшін тағы да не істеу керек деп ойлайсыз? (Пайымдау -22 балл)
8. Не себепті Өзбекстан сыртқы саясатының назарында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі мемлекеттермен өзара тең мүдделі байланыстарды нығайту болуда? (Пайымдау -22 балл)
9. Өзбекстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына неліктен мүше болды деп ойлайсыз? (Пайымдау -22 балл)

10. Шанхай Ғнтымақтастық Ұйымындағы органдар мен құрылымдарды көрсетіңіз. Олардың функциялары мен өкілеттіктері қандай? (Пайымдау -22 балл)